

Фестиваль – педагогтердің шығармашылық қабілетін ашып, кәсіби шеберлігін шыңдауға арналған ерекше алаң. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай форматтағы байқаулар ұстаздарға өз ісіне жаңаша көзқараспен қарауға, оқыту процесінде инновациялық идеяларды қолдануға мүмкіндік береді.

№41 (8193)
16 қазан,
2025 жыл

* Фестиваль

Заманауи білім үрдісі

Еңірде білім беру сапасын арттыру, педагогтердің кәсіби әлеуетін көтеру және заманауи әдіс-тәсілдерді тәжірибеге енгізу мақсатында ауқымды іс-шаралар жалғасуда. Соның бірі – №1 жалпы орта білім беретін мек-тепте өткен «Педагогикалық білім берудің заманауи әдіс-тәсілдер трендтері» атты мектепішілік «Педагогикалық идеялар фестивалі». Бұл байқау ұстаздар қауымының кәсіби ізденісін қолдауға, жаңа бастамаларды ілгерілетуге және заманауи білім беру үрдісіндегі тиімді тәжірибелерді насихаттауға бағытталып, білікті педагогтердің бір-бірімен тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасады.

Фестиваль – педагогтердің шығармашылық қабілетін ашып, кәсіби шеберлігін шыңдауға арналған ерекше алаң. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай форматтағы байқаулар ұстаздарға өз ісіне жаңаша көзқараспен қарауға, оқыту процесінде инновациялық идеяларды қолдануға мүмкіндік береді. Байқау аясында ұстаздар екі бағыт бойынша шеберлік сабақ өткізіп, шараға қатысушылар арасында тәжірибе алмасты. «Шеберлік палитрасы» және «Сабақ аяқталған соң...» тақырыбындағы жобалардың бірін түрлі пән мұғалімдері баян-даса, екінші бір тақырыпты сынып жетекшілердің атынан 1 ғана мұғалім қорғап шықты. Атап айтсақ, математика пәні мұғалімдері Ақмарал Амандықова, Әсел Құрамысова, Айдана Теңізбаева, көркем еңбек пәні мұғалімі Айнагүл Рысқали, ағылшын тілі пәні мұғалімдері Гүлсезім Мұсабаева мен Гаухар Өтеғалиева, сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Әсемай Хайбул-лалар «Шеберлік палитрасы» бағыты бойынша тың идеяларын ортаға салса, сынып жетекшілер атынан шеберлік сабақ ұсынған Құралай Алданазарова

«Сабақ аяқталған соң...» бағыты бойынша өз жобасын таныстырды. Бұл бағыттар арқылы ұстаздар білетіндерін ортаға салып, оқу мен тәрбиелеу ісіндегі тиімді тәсілдерді ұсынды. Іс-шараға әр пәннің үздік өкілдері қатысты. Оларға №1 жалпы орта білім беретін мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орын-басары Қ.Абдуайтова модераторлық сыншы болып, әр жобаның іліп алар тұсы мен кемшілік тұстарын тізіп берді. Ол бұл пікір арқылы педагог-тер шындалып, білім саласына тың серпін әкелеріне сенім білдіреді. Ол өз сөзінде:

«Байқау жоғары деңгейде өтіп, ұстаздар арасындағы кәсіби диалог пен шығармашылық ынтымақтастықтың көрінісіне айналды. Қатысушылардың жұмыстарын тәжірибелі ұстаздар мен әдіскерлерден құралған қазылар алқасы саралап, әрбір жобаны мазмұны, өзектілігі және жаңашылдығы тұрғысынан бағалады. Нәтижесінде 1 орын-ды Әсемай Қуантайқызы мен Құралай Алданазарова, II орынды Гүлсезім Мұсабаева мен Ақмарал

*Амандықова, ал III орынды Гаухар Өтеғалиева, Әсел Құрамысова және Айдана Теңізбаевалар сынды талапшыл мұғалімдер иеленді. Бұл ретте белсенділігімен көзге түскен Айнагүл Рысқали арнайы Алғыс хатпен марапатталды,-*дейді №1 жалпы орта білім беретін мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ.Абдуайтова.

Фестиваль барысында жеңімпаздар мен қатысушылар өз жетістіктерімен бөлісе отырып, осындай байқаулардың ұстаздық мамандықтың беделін арттыруға, кәсіби дамуға зор мүмкіндік беретінін атап өтті.

*«Педагогикалық идеялар фестивалі» қарапайым байқау емес, бұл – ұстаздардың тәжірибе алмасу, жаңа идеялармен танысу және кәсіби деңгейін арттыру алаңы. Осындай шаралар бізге шығармашылық еркіндік береді. Өз сабағымда қолданатын жаңа әдіс-тәсілдерімді әріптестеріммен бөлісіп, олардың кері байланысын тыңдау мен үшін үлкен мектеп болды,-*дейді фестиваль жеңімпазы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Әсемай Хайбулла.

Байқау соңында қазылар алқасы қатысушылардың жоғары деңгейдегі дайындығын атап өтіп, олардың еңбегі білім сапасын арттыруға, оқушылардың қызығушылығын оятуға үлес қосатынын айтты. Бұл ретте мектеп әкімшілігі алдағы уақытта да ұстаздардың кәсіби дамуын қолдауға, педагогикалық шеберлікті арттыру бағытындағы іс-шараларды жалғастыруға ниетті екендігін жеткізді.

Д.ІЗБАСАРҚЫЗЫ

* Сайлау

Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының №3, 12 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша шығып қалған депутаттарының орнына дауыс беру уақыты мен орны туралы учаскелік сайлау комиссияларының хабары

№	Учаскелік сайлау комиссиясы	Сайлау учаскесінің орналасқан орны	Дауыс беру күні мен уақыты
1	№96	Д.Әжіғалиев көшесі, №67 ғимарат, «Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «№5 Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты	26.10.2025 ж. 07:00 –ден 20:00 – ге дейін
2	№103	Б.Ержанов көшесі, №642 ғимарат, «Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «№22 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты	26.10.2025 ж. 07:00 –ден 20:00 – ге дейін
3	№104	Б.Рзиев көшесі, №883 ғимарат, «Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «№23 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты	26.10.2025 ж. 07:00 –ден 20:00 – ге дейін

Тиісті сайлау комиссиялары

«Ембімұнайгаз АҚ 28.11.2025ж. Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы, Абылайхан көшесі, 138 ғимарат, №2 орта мектептің акт залында сағат 15:00-да «2026 жылға арналған «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ нысандары және «Доссормұнайгаз» МГӨБ кейбір нысандарының игеру кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасақталған өтінім құжаттамалары» және 2026 жылға арналған «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ нысандары және «Доссормұнайгаз» МГӨБ кейбір нысандарындағы ұңғымалардың құрылысы мен кен орындарын жайластыру кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасақталған өтінім құжаттамалары» бойынша ашық жи-налыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды. ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу сілтемесі: https://kmg-kz.zoom.us/j/7555913367?pwd=UGJLeEJ3bVdZNMk5NmI2YmZNN2Fmdz09 Идентификаторы: 755 591 3367, Қолжетімділік коды: 593597 Тапсырыс беруші - «Ембімұнайгаз АҚ, 060002, Атырау к., Уалиханов көшесі 1-ші үй., БСН 120240021112 Жобаны әзірлеуші – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалы, 060097, Атырау к., «Нұрсая» ықшам ауданы, Елорда даңғылы, 10., БСН 180541015056 Құжаттамалар https://ndbecology.gov.kz БЭК сайтында орналастырылған. Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекен-жайлар бойынша қабылданады: «Атырау облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекен-жайы: 060010, Атырау қаласы, Айтеке би көшесі 77, тел: 8 (7122) 325509, электрондық мекен-жай: експертizyupr@mail.ru, atr_priroda@mail.ru, https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/?lang=ru, https://ndbecology.gov.kz. Құжаттар бойынша қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: k.suineshova@kmgc.kz тел.: 8 71 22 95 64 75. Қаралатын ауданның географиялық орналасу координат-тары: Солтүстік Ендік 45.54'.7" Шығыс Бойлық 53.17'26"

АО «Эмбамунайгаз» сообщает, что 28.11.2025г. в 15:00 ч. по адресу: Атырауская область, Жылыойский район, п.Косчагил, улица Абылайхан, здание 138, в актовом зале средней школы №2 проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по Заявочным пакетам на получение экологического разрешения на воздействие объектов НГДУ «Жылыоймунайгаз» и частично по объектам НГДУ «Доссормунайгаз» на 2026г в период эксплуатации и по Заявочным пакетам на получение экологического разрешения на воздействие объектов НГДУ «Жылыоймунайгаз» и частично по объектам НГДУ «Доссормунайгаз» на 2026г в период строитель-ства скважин и обустройстве месторождений. Подключение в режиме онлайн на платформе ZOOM возможно по ссылке: https://kmg-kz.zoom.us/j/7555913367?pwd=UGJLeEJ3bVdZNMk5NmI2YmZNN2Fmdz09 Идентификатор конференции: 755 591 3367 Код до-ступа: 593597 Инициатор – АО «Эмбамунайгаз», 060002, г.Атырау, ул. Валиханова, д.1., БИН 120240021112 Разработчик проекта – АФ ТОО «ҚМГ Инжиниринг», 060097, г.Атырау, мкр Нурсая, пр. Елорда, 10., БИН 180541015056 Документация по заявочному пакету размещена на сайте ЕЭП https://ndbecology.gov.kz. Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания по адресу: ГУ «Управле-ние природных ресурсов и регулирования Атырауской области», почтовый адрес: 060010, г.Атырау, ул. Ай-теке би, 77, тел: 8 (7122) 325509, электронный адрес: експертizyupr@mail.ru, atr_priroda@mail.ru, https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/?lang=ru, https://ndbecology.gov.kz. Дополнительную информацию по проектам можно получить по адресу: k.suineshova@kmgc.kz тел.: 8 71 22 95 64 75. Географические координаты: Северная широта 45.54'.7" Восточная долгота 53.17'26"

* Дені сау ұлт

Тамақтануға қойылатын талаптар

НОМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР:

- 1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялыққағидалары (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2021 жылғы 6 та-мызда № 23890 болып тіркелген).
- 2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялыққағидалары (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26866 болып тіркелген).
- 3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 62 бұйрығымен бекітілген «Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялыққағидалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 11 сәуірде № 32276 болып тіркелген) өзін-өзі бақылауды жүргізуге қойылатын талаптарды қамтиды.
- 4) «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының № 021/2011 техникалық регламенті Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 880 шешімімен бекітілген;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығымен бекітілген «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21934 болып тіркелген) тамақ қалдықтарына қатысты.

ТАМАҚ ӨНІМДЕРІН САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ТӘРТІБІ

Тамақ өнімдерін өндіру (оның ішінде шикізатты қабылдау, сақтау, қайта өңдеу (өңдеу), өндіру (дайындау), буып-түю, тасымалдау, сақтау, өткізу және көдеге жарату, тамақтандыру объектілерінде жаңа технологияларды енгізу КО ТР 021/2011 және №16 БК техникалық регламентінің талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі. •Шикізатты қабылдау, сақтау, қайта өңдеу (өңдеу), өндіру (дайындау), буып-түю, тасымалдау, сақтау және өткізу процестері тамақтану объектісінің қуатына қарамастан, оны ластанудан және бүлінуден, тамақ өніміне бөгде заттар мен заттардың (оның ішінде металл, ағаш заттар, пластмасса, шыны). •Қоғамдық тамақтандыру өнімдерін дайындау үшін пайдаланылатын азық-түлік (тамақ) шикізатының, тамақ өнімдерінің және қосалқы материалдардың әрбір партиясы қабылдау, сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде қадағалануды қамтамасыз ететін тауарға ілеспе құжаттамамен, сондай-ақ қауіпсіздікті растайтын сәйкестікті бағалау (растау) туралы құжаттармен сүйемелденеді. •Тез бұзылатын тамақ өнімдері үшін тауарға ілеспе құжаттамада өндірілген уақыты мен күні, Сақтау шарттары (температура, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы) және өнімнің жарамдылық мерзімі көрсетіледі. Тамақ өнімдерін өлшеп-орау, тасымалдау, оның ішінде

тұтынушыларға жеткізу кезінде, сақтау және өткізу техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес және №16 БК тауарлық көршілестікті сақтай отырып, азық-түлік (тамақ) шикізатын, пайдалануға дайын тамақ өнімдері бар жартылай фабрикаттарды бөлек өлшеп-орауды, сақтау шарттары сақталған кезде тасымалдауды, сақтауды қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылады (азық-түлік өнімдерінің сақталуын, сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, жарамдылық мерзімдері. •Азық-түлік (тамақ) шикізатын, жартылай фабрикаттарды дайын тамақ өнімдерімен бірге сақтауға және тасымалдауға температуралы-ылғалдылық жағдайларын сақтай отырып, герметикалық қаптама болған жағдайда тасымалдауға жол беріледі. •Тиеу, тасымалдау және түсіру кезінде тамақ өнімдері атмосфералық жауын-шашыннан, ылғалдан қорғалады. Қойма және өндірістік үй - жайлар тамақтандыру объектісінің қуаты мен түріне қарай тоңазытқыш жабдықтармен, ұйымдастырылған ұжымдарда тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде-Тоңазытқыш жабдықтардан басқа және тамақ өнімдерін сақтауға арналған тоңазытқыш камералармен жабдықталады. •Тамақтану объектісіндегі тоңазытқыш жабдығының, Тоңазытқыш камераларының саны мен көлемі оларды бөлек сақтау, тауарлық көршілестік, сақтау шарттары мен осындай өнімді дайындаушы белгілеген жарамдылық мерзімдері сақталған жағдайда, қабылданатын азық-түлік (тамақ) шикізатының, жартылай фабрикаттардың және пайдалануға дайын тамақ өнімдерінің көлеміне, түрлеріне сәйкес қамтамасыз етіледі. • Азық-түлік (тамақ) шикізатын, жартылай фабрикаттарды және дайын тамақ өнімдерін (жеке-леген сөрелерде, стеллаждарда) бір тоңазытқыш жабдықта бірлесіп сақтаған кезде тауарлық көршілестікті, осындай өнімді дайындаушы белгілеген сақтау температуралық режимдерін және жарамдылық мерзімдерін сақтай отырып, өнімнің жабық қаптамада (контейнерлерде, гастрономиялық ыдыстарда) болуы қамтамасыз етіледі. ҚОРЫТЫНДЫ Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді сақтау заңнаматтар, дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар үшін міндетті болып табылады. •Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды орындау оқушылар ара-сында жігі ішек инфекцияларының және тамақтан уланудың алдын алуда маңызды рөл атқарады. •Оқушылардың тамақтануын ұйымдастырудың сапасы мен қауіпсіздігін бақылауды тамақтану қызметтерін жеткізушілердің өздері де, білім беру мекемесінің бракераж комиссиясы тарапынан да қамтамасыз етеді, олар тұрақты негізде білім мен қызыреттілік деңгейін арттыруды талап етеді •Білім беру саласындағы басқару органдарын, білім беру ұйымдарының әкімшілігін және тамақтану қызметтерін жеткізушілердің қоса алғанда, тамақтандыру ұйымының барлық қатысушыларының тиімді өзара іс-қимылы қажет. Дина ІЗТҮРҒАНОВА, аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы

